

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«БЖЗҚ» АҚ бөлімшелерінің жұмыс кестесі 2020 жылдың 27 сәуірінен бастап өзгереді

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комиссияның қатаң санитарлық-эпидемиологиялық шараларды сақтай отырып, **Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында** жекелеген қызмет түрлерін қайта жаңғырту туралы шешімін басшылыққа алып, 2020 жылдың 27 сәуірінен бастап төтенше жағдай режимі аяқталғанға дейін Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларындағы филиалдарда жаңартылған қызмет көрсету режиміне көшу жүзеге асырылды.

Қордың Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларындағы филиалдарында енгізілген жаңартылған қызмет көрсету режимі мыналарды қамтиды:

- 1) филиал қызметкерлерінің қашықтан (қашықтықтан) жұмыс істеу режимін сақтау;
- 2) әлеуметтік маңызы бар қызметтерді қоспағанда, Қордың барлық қызметтерін:
 - онлайн режимінде ENPF ұялы қосымшасы және Қордың www.enpf.kz корпоративтік сайтында орналастырылған Жеке кабинет арқылы;
 - Қордың корпоративтік сайтында құжаттар пакетін алдын ала онлайн тексеру мүмкіндігімен пошта байланысы («Қазпошта» АҚ) (<https://www.enpf.kz/ru/elektronnye-servisy/checkdoc.php>) арқылы ұсыну;
- 3) филиалдың жауапты қызметкерінің қызмет көрсету кеңсесіне баруы арқылы әлеуметтік-маңызды қызметтер бойынша (алдын ала жазылу керек) құжаттарды байланыссыз қабылдау.

Әлеуметтік маңызы бар қызметтерге:

- салымшының / алушының қайтыс болуына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініштерді ресімдеу (жерлеу);
- салымшының / алушының қайтыс болуына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініштерді ресімдеу (мұра);
- Қазақстан Республикасының шегінен тыс тұрғылықты тұратын жерге кетуіне байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтінішті ресімдеу (ерекше жағдайларда) жатады.

Құжаттарды байланыссыз қабылдау enpf.kz сайтында орналастырылған телефондар бойынша алдын ала жазылу арқылы және Қор кеңсесіндегі арнайы жабдықталған және үнемі дезинфекцияланып отыратын жұмыс орны арқылы құжаттарды қабылдау жолымен жүзеге асырылады. Нұр-Сұлтан қаласында мұндай жұмыс орны Бигелдинов көшесі, 12 және Алматы қаласында Шевченко көшесі, 80 мекенжайы бойынша ұйымдастырылған.

Алдын ала жазылуды өңірлік бөлімшелердің кезекші қызметкерлері ([тізімі](#) enpf.kz сайтында орналастырылған), сондай-ақ 1418 қысқа нөмірі бойынша (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін) немесе +7 727 356 10 60 (халықаралық және қалааралық қоңыраулар үшін) нөмірі арқылы БЖЗҚ байланыс орталығының мамандарымен хабарласып, жүзеге асыруға болады.

БЖЗҚ мамандары Сізге жинақтаушы зейнетақы жүйесі мәселелері бойынша кеңес беруге және Қордың электрондық қызметтерді алу үшін қашықтықтан көрсетілетін қызметтерді төмендегі тәсілдер арқылы қамтамасыз етуге әрқашан дайын:

«БЖЗҚ» АҚ-ның баспасөз орталығы

- 1) өңірлік бөлімшелердің кезекші қызметкерлеріне телефон байланысы арқылы өтініш жасау ([тізімі](#) enpf.kz сайтында орналастырылған);
- 2) 1418 қысқа нөмірі бойынша Қордың байланыс орталығына жүгіну;
- 3) +7 777 000 14 18 телефон нөмірі бойынша WhatsApp, Viber чат-боттары;
- 4) Қордың www.enpf.kz корпоративтік сайтындағы онлайн-кеңесші;
- 5) өтініштерді enpf@enpf.kz электрондық поштасы арқылы жіберу;
- 6) Instagram, Facebook, ВКонтакте, twitter Telegram, Одноклассники әлеуметтік желілеріндегі аккаунттар.

Қор бөлімшелері жұмысындағы барлық өзгерістер туралы қосымша хабарланады.

Құрметпен, «БЖЗҚ» АҚ ұжымы!!!

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).